

ЖШС «Иштаев Е.А.» «Айгөлек+» жеке бөбекжайы

Ойын-сабақ:

«Асық ойнау білеміз бе?»

Тәрбиешілер: А.Молдағалиева

Тақырыбы: «Асық ойнау білеміз бе?»

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық ойындарының бірі – асық ойынымен таныстыру, ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттыру, ептілікке, мергендікке, дәлдікке және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Өткізу форматы: Ойын-сабақ

Міндеттері:

Асықтың түрлері мен қолданылуы туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

Қолдың икемділігін, көз мөлшерін және қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту;

Ұлттық ойындарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Асықтар, сақа, шеңбер сызығы, кілемше немесе тегіс алаң, ұлттық әуен.

Сабақ барысы

1. Шаттық шеңбері

Балалар бірге айтады:

Армысың, алтын күнім,

Армысың, туған жерім.

Ұлттық ойын ойнайық,

Көңілді күн бастайық!

2. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші:

– Балалар, мынау не?

– Асықпен кімдер ойнайды?

– Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны. Ол ептілікке, дәлдікке және шапшандыққа баулиды.

3. Негізгі бөлім

«Асықты таны»

Балалар асықты ұстап көріп, оның пішіні мен ерекшелігін бақылайды.

«Нысанаға дәл түсір» ойыны

Балалар сақамен белгілі бір қашықтықтан асықты дәлдеп атады.

«Кім мерген?» ойыны

Кім көп асықты шеңберден шығарса, сол жеңімпаз атанады.

4. Сергіту сәті

Бір, екі, үш, төрт, бес,

Біз ойнаймыз жарысып.

Жүгірейік, секірейік,

Көңілденіп күлейік!

5. Қорытынды

Бүгін қандай ұлттық ойынмен таныстық?

Асық ойыны несімен ұнады?

Ойын барысында қандай ережелерді сақтадық?

Тәрбиеші балаларды мадақтап, ұлттық ойындарды құрметтеуге шақырады.

Күтілетін нәтиже

Балалар асық ойыны туралы қарапайым түсінік алады;

Дәлдік, ептілік және қимыл үйлесімділігі дамиды;

Ұлттық ойындарға қызығушылығы артады;

Бірлесіп ойнау және ойын ережесін сақтау дағдылары қалыптасады.

Ұраны:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы, асық ойнаған – епті де мерген бала!»